



## WORKS OF AHMET BAITURSYNOV IN THE EDUCATIONAL SPACE OF KARAKALPAKSTAN

**Kuttimuratova I.A.**

*Nukus state pedagogical institute  
PhD, docent*

**Abstract:** *There are many great teachers who have faithfully served their country at any time and carried out educational activities, leaving behind the archives of the history of the nation and the ancient Kazakh culture. Among them is Ahmet Baitursynov, who carried the burden of a century worth of special mention, who in the turmoil of his time gave the young generation a spring of knowledge and education. He is a perfect writer, whose walls are broken for the Kazakh people, who grieves for their future, who calls the whole society to a breakthrough and wake them up.*

*The destiny of the country has risen to the level of a great man who devoted his life to the future of his people and dreamed of the dawn of Independence. That is why his works and heroic deeds for the nation will forever be remembered by future generations. Today, in our Uzbekistan, as well as in the universities and schools of the Republic of Karakalpakstan, the works of Ahmet Baitursynov and patriotic, educational works left to young people are studied. Especially if education in the multinational Republic is conducted in 7 languages, including Kazakh language learners are in the first place. This is due to the fact that in 6 universities and 500 schools in the country the education is taught in the Kazakh language. Ahmet Baitursynov's works are studied in depth in all educational institutions where this education is conducted in the Kazakh language.*

*Also, S. Majitov, who chose the first characters of the textbook of the Karakalpak alphabet, and professor J. Kairbayev was one of the first authors of the textbook, on the basis of the proposed alphabet of A. Baitursynov, he created the Karakalpak alphabet and invented the first holiday of the Karakalpak alphabet. Each sound description is written in verse for children. The first researchers of the phonetics of the Karakalpak language were J. Aralbayev, academician A. Dauletov also studied the works of Ahmet Baitursynov followed the example in their research. Classics of Karakalpak literature of the 50s K. Aimbetov and N. Daukarayev also benefited from Ahmet's research, contributed to the development of the literature of his people. In general, the works of Akhmet Baitursynov undoubtedly contributed to the development of Karakalpak linguistics and literature. This still requires in-depth research.*

**Keywords:** *Karakalpak literature, Karakalpak alphabet, Akhmet Baitursynov, Karakalpak linguistics.*

XX ғасырды басында оқу-ағарту, ғылым жолында өте биік тұлға Ахмет Байтұрсынов болды. Ол алдымен, бастауыш сынып оқулықтарының авторы, екіншіден, алдыңғы қатарлы әдістемелі оқулық жазуда ғана қолданып қоймай, қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша тұнғыш ғылыми еңбек жазған. А.Байтұрсынұлына дейін қазақ оқыту әдістемесінен ғылыми еңбек жазған ғалым болмаған. Сондықтан А.Байтұрсынұлы әдістеме заңдылықтарын оқулықтар жазуда іс жүзінде қолданған және әдістемені



ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым дейміз. Ахмет Байтұрсынұлының есімі бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихына Кемал Ататүрік, Ысмайылбек Гаспыралы есімдерімен қатар мәңгі өшпестей болып, алтын әріптермен жазылды. Қазақ халқының тарихында өзінің рухани сана-сезімі мен парасаты және жалпы болмысы жағынан айрықша орын алатын ол — фольклорист, ақын - жазушы, публицист, аудармашы, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаушы, ірі филолог, лингвист- ғалым, түрколог-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, журналист, қазақтың тұңғыш реформаторы, профессор, «Алаш» партиясын құрушы, қазақ ғылымының алғашқы ұйымдастырушысы, оқулықтар жазудың білгір маманы, қазақ елінің тәуелсіздікке жетуі үшін жан аямай күрескен ер азаматы, қоғам ғайраткері, өз халқының жалындап жанған адал перзенті. Коммунистік-тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып тұрған кезінде Ахмет Байтұрсынұлының есімін атауға тыйым салынғаны белгілі. Сөйтіп, 70 жыл бойы Ақаңның рухани мұралары мен оны есімі тарихтан алынып тасталды. Әйтсе де, Ақаң есімі бүгінгі таңда қайта тіріліп, тыныс алып, халқының рухани өміріне өлшеусіз серпіліс әкеліп отырғаны да тарих шындығы. М. Әуезов осыдан 70 жыл бұрын-қазақ халқының бостандығы, тәуелсіздігі мен ұлтты бірлігі үшін жан аямай тер төккен және сол мақсатқа жету жолында жанын пиде еткен ғұлама азаматтың ғұмырын зор бағалап, «Ахаңды оқыған азаматтарды туңғыш көсемі» деп көрсеткен болатын. Ахаңның қазақ халқы үшін атқарған істерін, армандаған мақсат-мұратын жеке адам мүмкіндігін өлшеміне сыйғызуға болмайды. Оны жан дүние байлығы, рухани құдіреті оның көрегендігінде. Ахаңның сонау заманның өзінде-ақ көтерген проблемалары, жазба мұрасының мән-мазмұны бүгінгі таңда тәуелсіздік алып отырған мемлекетіміздің күн тәртібіндегі көкейкесті мәселелерге жазыш кеткен жауаптай көрінеді. Ахмет Байтұрсынов қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, олар тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», сөз жүйесін «морфология», сөйлем жүйесін «грамматика» қалыптырған.

1925 жылы 5 майда Ахмет өз қолымен жасап барген «Газет» және журналдарда жарияланған басқа ғылыми, ғылыми- методикалық еңбектерді тізімі», деп деген документ КАЗПИ архивында сақталған. Ахмет



Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам ғайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы –баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

А. Байтұрсынов — қазақ балаларыны ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. А. Күш жұмсауға тура келген себебі мынада. Қазақ балаларына арналып 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептің тілі қазақша болғанмен, қазақша жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ болатын, сондықтан әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын. Жоқарыда айтылды, А. Байтұрсынов пен өзге де бір топ қазақ интеллигенциясы уәкілдері болып, 1905 жылы 26 июньде Россия Империялы Министр Советіні Председателі атына («Кіндік кіметке»)петиция жазады. Мұнда бір пункт етіп қойған талаптары: «Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жол қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін» деген болатын. Байтұрсынов 1926 жылы «Әліппені» жаңа түрін жазып сынады, бұл осы күнгідей суреттермен берілген оқулық болатын, кітапты «Жаңа әліпби» деген атпен 1926 жылы Қызылорда — Ташкент баспалары бірігіп шығарған. 1927 жылды өзінде оны 2, ал 1928 жылы 3-басылымы Қызылордада шығады. Бұл «Әліпби» «Қазақ тілінде басылған кітаптарды көрсеткішінде» (Қызылорда, 1926) былайша бағаланады: «Жаңа құрал. Қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар. Емлесі жаңа.

Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліпби» («Оқу құралы») қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді... Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға бастағаннан кейін ол «Әліпби» әдіс жөнінен де, мазмұны жағынан да ескірген. Мынау жаңа «Әліпби» бұрынғысынан қай ретте болса да аса артық . Бұл «Әліпби» мазмұны қазақ жағдайына қарай, Мемлекет Білім Кеңесіні жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы,ә сіресе мұғалімдер қауымы жылы лебізбен қабылдады. Себебі, Байтұрсынов реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған еді. Өйткені қазақ дыбыстарының табиғатын айқындау ғалымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік берді. Оның 1912 жылдардан бастап ұсынылған жаңа жазуы («жаңа емле»



деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтер бойынша 1915 жылдың бір өзінде ғана бұл емленің өзімен 15 – тей кітап басылып шыққан. Сондай – ақ А.Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс – қазақ мектептерінде де қолданыла бастағаны белгілі. 1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын оқу құралын жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1 – бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрген. Осы кітаптың морфологияға арналған 2 – бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3 – бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылып қайталанып келді. Тіл құралы – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соңғы құбылыс.

Оның қазақ ұжртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әр қайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданылып үжрген «зат есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі. оқулықтың тағы бір құндылығы қазақ тілінің грамматикалық басты салалары фонетика – дыбыс туралы ғылым, марфология – сөз құрамын зерттеу, ал синтаксис сөйлем құрылысын зерттеу т.б. деп саралап тұңғыш тыңнан ғылыми жол салуында болып отыр. Әрі аудармашы, әрі ақын, әрі қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым А.Байтұрсыновтың сан салалы еңбегіне арнап оның 50 жылдық тойына жазған мақаласында М.Әуезов былайша баға берген еді. «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі орны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер – білім, саясат жолындағы қажымас қайратты...Тарих ұмытпайтын істер болмақ. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ интеллигенциясы Ахаңның еңбегінің өнімді болуын тілеуден жалықпайды» (1923 ж., «Ақ жол» газетінде).

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көш басшысы А.Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениеті, тәлім – тәрбие



оқу ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

Қарап отырсақ, А.Байтұрсынұлының педагогика, методика, филология салаларында еңбегі зор. Осы өжнінде С.Мұқанов былай дейді: «Әр тілдің айдауында үжрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам -Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай калмақ емес.

Бұны пролетариат та бағалайды». 1920 жылы «Баяншы» атты кітабы Қазанда жарық көрді. Еңбек - бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесінің ең тұңғыш үлгісі. «Баяншы» еңбегі екі бөлімнен тұрады. 1-бөлім қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері, 2-бөлім дыбыспен жаттығу деп аталады. Еңбектің 1-бөлімінде А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық құрамы туралы мағлұмат береді. Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дыбысты. Дауысты әжне дауыссыз дыбыстар деп екіге бөледі. Жуан әжне жіңішке дыбыстарға толық тоқталады. Дыбыс пен жаттығу деген бөлімде дыбысты қалай оқыту қажет деген мәселе төңірегінде әдістемелік ой қозғайды. Дыбысты меңгеруге байланысты мұғалімдерге бірнеше ақыл-кеңес береді.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл әдістемелік еңбектері мұғалімдерімізге, әсіресе бастауыш мектеп ұстаздарына таптырмайтын әдістемелік құрал десек артық айтқанымыз емес.

### Әдебиеттер:

1. Kuttimuratova I. The influence of the karakalpak language on the speech of Kazakhs of Karakalpakstan // Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 73-2. – С. 39-40.
2. Kuttimuratova I., Mambetkerimov G. Overview of toponymic names in Kungrat district // Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 74-2. – С. 46-48.
3. Kuttimuratova I., Mambetkerimov G. Onomastic term of kungrat district of Karakalpakstan //Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 74-2. – С. 43-45.
4. Quttimuratova I. A. Lingua-geographical study of the lexical dialectology of the kazakhs in the Republic of Karakalpakstan // Theoretical & Applied Science. – 2019. – №. 12. – С. 674-677.



5. Abdiraxmanovna, Q. I. (2016). Professionalisms connected with fishing in the language of the Kazakh people in Muinak and Kungrad regions of Karakalpakstan. *Austrian Journal of Humanities and Social Sciences*, (5-6), 34-37.
6. Куттымуратова Ы. А. Изучение лексики казахского говора Кунградского района в лингвогеографическом аспекте //Вестник Челябинского государственного университета. – 2011. – №. 13. – С. 84-86.

